

2014 жылы қоғамдық жұмыстарды жергілікті бюджет қаражаты есебінен ұйымдастыру және оның көлемі туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Арыс қаласы әкімдігінің 2014 жылғы 7 ақпандағы № 89 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 19 ақпанда № 2537 болып тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Оңтүстік Қазақстан облысы Арыс қаласы әкімі аппаратының 2015 жылғы 20 ақпандағы № 448 хатымен)

Ескерту. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Оңтүстік Қазақстан облысы Арыс қаласы әкімі аппаратының 20.02.2015 № 448 хатымен).

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31 бабының 2–тармағына, «Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 7 бабының 5) тармақшасына сәйкес, Арыс қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2014 жылы ақылы қоғамдық жұмыстар жүргізілетін ұйымдардың тізбесі, қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемі және оларды қаржыландырудың көздері осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Қоғамдық жұмыстарға қатысатын жұмыссыздарға еңбекақы төлеу еңбек шартының негізінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес реттеледі және орындалатын жұмыстың санына, сапасына және күрделілігіне байланысты б о л а д ы .

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - Оңтүстік Қазақстан облысы Арыс қаласы әкімдігінің 17.07.2014 № 405 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі).

3. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары Б. Д і л д ə б е к о в к е жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімі

С.Ертай

№ 89 қаулысымен бекітілген

2014 жылы ақылды қоғамдық жұмыстар жүргізілетін ұйымдардың тізбесі, қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемі және оларды қаржыландырудың көздері

к/с	Ұйымдардың атауы	Жұмыс түрлері	Адам саны	Қоғамдық жұмыстардың көлемі	Қаржыландыру көздері
1	Арыс қаласының «Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі	құжаттарды өңдеу, құжаттарды көбейту және жіберу; абаттандыру және көгалдандыру, қоғамдық жұмыстарға көмек көрсету; тұрғындардың үйлерін аралау; ауылдық округтердің әлеуметтік картасын құрастыруға қатысу	60	6000 іс-құжат, 130000 шаршы метр, 6000 үй, 6 ауылдық округ	қалалық бюджет
2	Арыс қаласының «Тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесі	құжаттарды өңдеу, құжаттарды көбейту және жіберу; абаттандыру және көгалдандыру, қоғамдық жұмыстарға көмек көрсету	80	6000 іс-құжат, 130000 шаршы метр	қалалық бюджет
3	«Оңтүстік Қазақстан облысы ішкі істер Департаменті Арыс ауданының ішкі істер бөлімі» мемлекеттік мекемесі	жастардың арасында салауатты өмір салтын насихаттау жұмысын ұйымдастыру, кәмелетке толмағандардың арасында құқық бұзушылықтың алдын алу («Сақшы» және «Тәртіп» пилоттық жобалары)	30	6 ауылдық округ аумағында	қалалық бюджет
4	Арыс қаласы «Қожатоғай ауылдық округ әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі	ауылдық аймақтарды көгалдандыру, ауылды көріктендіру, қоқыстарды тазарту	25	30000 шаршы метр	қалалық бюджет
5	Арыс қаласы «Монтайтас ауылдық округ әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі	ауылдық аймақтарды көгалдандыру, ауылды көріктендіру, қоқыстарды тазарту	25	30000 шаршы метр	қалалық бюджет
	Арыс қаласы «Байырқұм ауылдық округ әкімі	ауылдық аймақтарды көгалдандыру, ауылды			

6	аппараты» мемлекеттік мекемесі	көріктендіру, қоқыстарды тазарту	25	30000 шаршы метр	қалалық бюджет
7	Арыс қаласы «Жиделі ауылдық округ әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі	ауылдық аймақтарды көгалдандыру, ауылды көріктендіру, қоқыстарды тазарту	25	30000 шаршы метр	қалалық бюджет
8	Арыс қаласы «Ақдала ауылдық округ әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі	ауылдық аймақтарды көгалдандыру, ауылды көріктендіру, қоқыстарды тазарту	25	30000 шаршы метр	қалалық бюджет
9	Арыс қаласы «Дермене ауылдық округ әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі	ауылдық аймақтарды көгалдандыру, ауылды көріктендіру, қоқыстарды тазарту	25	30000 шаршы метр	қалалық бюджет
10	Арыс қаласының «Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Үйде әлеуметтік қызмет көрсету» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	құжаттарды өңдеу, құжаттарды көбейту және жіберу	25	500 дана	қалалық бюджет
11	«Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитетінің Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша салық департаментінің Арыс қаласы бойынша салық басқармасы» мемлекеттік мекемесі	тұрғындардың үйлерін аралау; құжаттарды өңдеу, құжаттарды көбейту және жіберу	15	500 үй, 4500 іс-құжат	қалалық бюджет
12	«Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаменті Арыс қаласының әділет басқармасы» мемлекеттік мекемесі	мұрағат кітаптарын ішінара жаңғырту, кітаптарды тігуге дайындау және жасақтау; үй аралау; сұраным бойынша іздеу салу	15	600 іс-құжат, 800 үй, 200 сұраным	қалалық бюджет
13	«Қызмет-Сервис-Арыс» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	көшелерді және аумақтарды қоқыстардан тазалау	50	50000 шаршы метр	қалалық бюджет
14	«Ақбаба-Сервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	кәріз жүйелерін ағымдағы және күрделі жөндеу жұмысына көмек көрсету; кәріз төлемдерін жинауға көмектесу	15	3000 шаршы метр, 800 үй	қалалық бюджет
15		қазандық жүйелерін ағымдағы және күрделі жөндеу жұмысына көмек көрсету;	30	3000 метр,	қалалық бюджет

	«Арыс-жылу» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	жылу төлемдерін жинауға көмектесу		200 пәтер	
16	Арыс қаласы әкімдігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «ЖАСЫЛ АЙМАҚ-АРЫС» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорын	демалыс және мәдениет орталық паркінің аумағын жинау; абаттандыру және көгалдандыру, қоғамдық жұмыстарға көмек көрсету	30	100000 шаршы метр, 70000 шаршы метр	қалалық бюджет
17	«Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Тіркеу қызметі комитетінің Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша жылжымайтын мүлік жөніндегі орталығы» Республикалық қазыналық кәсіпорнының Арыс филиалы	мұрағат құжаттары мен тізімдерін жасау, құжаттарды қалыптастыру, оларды тігу	10	1700 іс-құжат	қалалық бюджет
18	«Нұр Отан» партиясы» қоғамдық бірлестігінің Оңтүстік Қазақстан облысы Арыс қалалық филиалы	мұрағат құжаттарымен тізімдерін жасау, құжаттарды қалыптастыру, оларды тігу	10	2000 іс-құжат	қалалық бюджет
19	«Арыс қалалық мүгедектер қоғамы» қоғамдық бірлестігі	құжаттарды өңдеу, құжаттарды көбейту және жіберу; қоғамдық іс-шараларды ұйымдастыруға көмектесу	10	1000 іс-құжат, 6 ауылдық округ аумағында	қалалық бюджет
	Барлығы:		530		

Ескертпе: қоғамдық жұмыстардың нақты жағдайлары жұмыс берушімен және қоғамдық жұмысқа қатысатын азаматтың арасында жасалатын еңбек шартында көзделеді.